II МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

I. ОҚЫЛЫМ

Өмір болған соң түрлі жағдайлар орын алуы қалыпты құбылыс. Сондай мәселелердің бірі-қазіргі қоғамда кеңінен тарағаны сотқа талап қоюмен жүгіну.
Егер сіздің заңмен белгіленген құқығыңыз шектелді немесе бұзылды деген тұжырымға келсеңіз, сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылысыз.

Дегенмен нақты осы тектес дауларды сотқа дейін шешудің тәртібі белгілі бір заңда көзделсе, сіз сотқа аталған тәртіпті сақтаған соң ғана жүгіне аласыз.

Талап қоюшы – құқықбұзушылықты қалпына келтіруді талап етіп сотқа жүгінген тұлға. Ал әрекетіне дау айтылып отырған тұлға жауапкер ретінде танылады.

Сотқа талап қою, егер жауапкер жеке тұлға болса, оның тұрғылықты жері бойынша, заңды тұлғаға талап қою оның орналасқан жері бойынша қойылады.

Азаматтық процестік Кодексінің талабына сәйкес жекелеген талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша қойылуы мүмкін.

1. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Талап қоюшы _____ .

A) әрекетіне дау айтылып отырған тұлға

B) құқық бұзушылықты қалпына келтіруді талап етіп сотқа жүгінген тұлға

C) қылмыстық ізге түсу органы Қылмыстық ізге түсу кодексінде көзделген жағдайда тергеу іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адамдар

D) адамның құқығы мен бостандығын сақтауды талап етіп сөйлейтін қоғам қайраткері.

2. Сәйкес нұсқаны таңдаңыз.

Сотқа талап қою, егер жауапкер _____ _____ болса, оның тұрғылықты жері бойынша, _____ _____ талап қою оның орналасқан жері бойынша қойылады.

A) жеке тұлға, заңды тұлға

B) жауапкер, куәгер, қорғаушы

C) талап қоюшы, куәландыру үшін тартқан адам

D қылмыскер, борышкер

3. Мәтін бойынша сөздерді сәйкестендіріңіз.

A) Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізудің ерекшеліктері

B) Сотқа жүгінудің жолы

C) Дауларды сотқа дейін шешудің тәртібі

D) Талап қоюшының міндеттері мен құқығы

5. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

A) дауды шешу, талап қоюшы, жауапкер

B) Заң, жеке тұлға, заңды тұлға

C) сотқа жүгіну, талап қою, дауларды сотқа дейін шешу

D) заңды тұлға, тұрғылықты жер, орналасқан жер

II. ЖАЗЫЛЫМ

1. Аудиомәтінді тыңдаңыз, мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.
2. Жоспарға сәйкес мәтіннің негізгі мазмұнын сақтай отырып мазмұндама жазыңыз.

LIVEWORKSHEETS